

## Банктерге аудит жүргізу жөніндегі есеп беруге қойылатын талаптар туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 18 маусымдағы N 129 Қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 229 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 229 қаулысымен .*

---

*Ескерту: Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

Банктік аудит мәселесін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді** :

1. Банктерге аудит жүргізу жөніндегі есеп беруге қойылатын талаптар туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап күшіне енгізілсін.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

2. Банктерге аудит жүргізу жөніндегі есеп беруге қойылатын талаптар туралы ереже күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 346 қаулысымен бекітілген Аудиторлық (банк қызметін) тексеруге уәкілетті аудиторлардың қорытындысына қойылатын негізгі талаптар туралы және аудиторлар жасайтын қорытындылардың түрлері туралы ереженің күші жойылды деп танылсын.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

3. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ) бірлесіп осы қаулыны және Банктерге аудит жүргізу жөніндегі есеп беруге қойылатын талаптар туралы ережені Қазақстан Республикасының



## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және банктерге аудит жүргізуге уәкілетті аудитордың және аудиторлық ұйымның (бұдан әрі - аудитор және аудиторлық ұйым) есебіне қойылатын негізгі талаптарды айқындайды.

*Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

2. Банк заңдарына сәйкес аудиторлар және аудиторлық ұйымдар банктерге аудитті былайша жүргізеді:

- 1) банктердің қаржылық есеп беруін қосқандағы жылдық есепті растау үшін;
- 2) қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) бағалы қағаздар акцияларының эмиссиясының проспектілеріне және бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы олардың есептеріне сараптама жүргізу тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, банктердің бағалы қағаздарын шығару және орналастыру қорытындысы туралы есептерді бекіту үшін; <\*>
- 3) банктегі ішкі бақылауды бағалау үшін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 454 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

3 . Б а н к т е р г е :

- 1) банк пен аудитордың, аудиторлық ұйымның арасындағы аудит жүргізу шартында көзделген аудиттің нақты міндеттері, мерзімі және көлемі ескеріле отырып банктің талабы бойынша;
- 2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген басқа жағдайларда аудит өткізіледі. <\*>

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 454 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

4. Жүргізілген аудит қорытындысы бойынша аудиторлар және аудиторлық ұйымдар банктерде аудит жүргізу туралы есеп (бұдан әрі - есеп) жасайды.

*Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

5. Есеп қаржылық есеп беру аудитінің және банкте жасалған барлық аудит түрлерінің қорытындысы бойынша жасалады. Есеп Директорлар кеңесіне және тексеріліп отырған банктің Басқармасына ұсынылады.

Бухгалтерлік есептің тиісті стандартымен көзделген басқа есептерді ашу түсіндірме жазбада көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда аудиторлық ұйым немесе аудитор аудит бойынша тиісті ұсынымдар жасауы мүмкін.

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

6. Аудиторлық ұйым немесе аудитор қаржылық есептіліктен басқа осы Ереженің талаптарына сәйкес мыналарды аудиттейді:

- 1) банктің пруденциалдық нормативтерді орындағаны туралы есеп;
- 2) банктің ең аз резервтік талаптарды орындағаны туралы есеп;
- 3) активтердің жіктелуі туралы және шартты міндеттемелер мен провизияларды қалыптастыру мәліметтер;
- 4) банктер мен банктік емес ұйымдардың жылдық есебіне енгізілетін есептілік және мәліметтер.

7. Банктер аудиті оның жоспарлануын қоса алғанда өкілеттік берілген орган бекіткен аудиттің стандарттарына сәйкес жүргізіледі, осы Ережемен тікелей көзделген жағдайлар бұған жатпайды.

*Ескерту: 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

8 . < \* >

*Ескерту: 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

9. Уәкілетті орган нанымсыз мәліметтер анықталған кезде не есепті қолданылып жүрген заң ережелерін бұзып жасаған кезде есепті қараудың нәтижесі бойынша аудиторлық ұйымға немесе аудиторға тиісті ескертпе жіберуге қ ұ қ ы л ы .

Аудитор, аудиторлық ұйым тиісті ескертпелерді алғаннан кейін екі апта мерзім ішінде банкпен келісе отырып есепті уәкілетті органға қайта жіберуге м і н д е т т і .

*Ескерту: 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

**2-тарау. Есепті жасау тәртібі**

*Ескерту. 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

1 0 . < \* >

*Ескерту. 10-тармақ алынып тасталсын - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

11. Банктер аудиті аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың мына мәселелерді қарауын талап етеді:

1) есепке алудағы және есептіліктегі өткізілген банк операцияларының уақтылығын, толықтығын және дәлдігін бағалау;

2) өткізілген банк операцияларының оларды өткізудің жалпы шарттарына сәйкес келуін бағалау, сондай-ақ банк операцияларын өткізу тәртібінің банктің ішкі ережелеріне сәйкес келуі;

3) банктің ішкі аудитінің (бақылауының) тиімділігінің бағасы;

4) жарғылық капиталды қалыптастырудың уақтылығы мен толықтығын тексеруді қоса алғанда пруденциалдық нормативтер мен ең аз резервтік талаптарды есептеп шығаруға арналған, банк беретін деректердің нанымдылығы;

5) активтер мен шартты міндеттемелердің өткізілген жіктелуі мен провизияларды қалыптастырудың барабарлығының бағасы;

6) банктің кастодиандық және сенімгерлік (трастық) қызметін өткізу;

7) тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын бағалау. <\*>

*Ескерту. 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 454 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

12. Есепке алудағы және есептіліктегі өткізілген банк операцияларының уақтылығын, толықтығын және дәлдігін бағалау дегеніміз қаржылық есептілік пен уәкілетті органға тапсырылатын жылдық есептің аудитін өткізу болып табылады.

13. Жүргізілген банк операцияларының оларды жүргізудің жалпы талаптарына сәйкес келуін, сондай-ақ банк операцияларын жүргізу тәртібінің банктің ішкі ережелеріне сәйкес келуін бағалау барысында:

1) банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптарының және банктің ішкі ережелерінің қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес келу-келмеу мәселесі тұрғысынан анықтайтын ережелер тексеріледі;

2) жоғарыда аталған ережелердің жүргізілетін банк операцияларына сәйкес болуы тексеріледі.



14. Банктің ішкі аудитінің (бақылаудың) тиімділігін бағалау банкте жүргізілетін ішкі аудитінің (бақылаудың) уәкілетті орган белгілеген барлық талаптарына сәйкес келуін тексеруді көздейді.

15. Пруденциальдық нормативтер мен ең аз резервтік талаптарды есептеу үшін банк беретін деректердің нанымдылығын анықтау барысында:

1) пруденциальдық нормативтер мен ең аз резервтік талаптардың құрамдас бөліктері болып табылатын көрсеткіштердің есебінің дұрыстығы тексеріледі;

2) пруденциальдық нормативтер мен ең аз резервтік талаптардың көрсеткіштердің дұрыстығы анықталады;

3) пруденциальдық нормативтердің және/немесе ең аз резервтік талаптардың көрсеткіштерінің түзетілуіне негіз болатын сома көрсетіледі.

16. Активтер мен шартты міндеттемелердің жіктелуінің барабарлығын және провизияларды қалыптастыруды бағалаған кезде:

1) тексеру банктің активтері мен шартты міндеттемелерінің 80 %-тен астамы қ а м т ы л у ф а т и і с ;

2) актив пен шартты міндеттеменің жіктелетін әрбір түрі уәкілетті органның активтерді жіктеу мәселесін оларды реттеуші нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келу-келмеу мәселесі оларға қатысты тексерілуге тиіс.

Жүргізген жіктеуге банк түзету енгізген жағдайда түзетудің сомасы міндетті түрде е с е п т е к ө р с е т і л е д і .

*Ескерту. 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

16-1. Тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын бағалау банктің уәкілетті орган белгілеген тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптарға сәйкес т е к с е р і л у і н к ө з д е й д і .

Тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын бағалаған кезде:

1) тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын негізгі және қосымша т а л а п т а р д ы ң т о л ы қ т і з б е с і ;

2) банктің тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын негізгі және қосымша талаптардың әрқайсысына сәйкес келуі бойынша, оның ішінде банктің жан-жақты айқындайтын талаптарға сәйкес келуін қадағалау;

3) банкті басқару жүйесіндегі, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын негізгі және қосымша талаптар бойынша кемшіліктер;

4) тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктерді жою бойынша қажетті і с - ш а р а л а р к ө р с е т і л е д і . < \* >

*Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 454 қаулысымен .*

17. Аудитор, аудиторлық ұйым тексерудің нәтижесі бойынша аудит барысында байқалған кемшіліктерді түзету жөнінде банктің басшылығына ақыл-кеңесін беруге құқылы.

18. Аудитті аудиторлық ұйым жүргізген жағдайда есепке аудиторлық ұйымның бірінші басшысы және орындаушы аудиторлар қол қояды, олар аудиторлық ұйымның мөрімен куәландырылып, датасы қойылады.

Аудитті аудиторлар жүргізген жағдайда Есепке тексеру жүргізген аудиторлар қол қояды, олар солардың жеке мөрімен куәландырылып, датасы қойылады.

*Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

19. Есеп тігіледі, соңғы беттің сыртына "Тігілген, нөмірленген және бет мөрмен бекітілген" деген жазба жасалады.

*Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

### **3-тарау. Есептің негізгі элементтері**

20. Есеп үш бөлімнен тұрады: кіріспе бөлім, жалпы бөлім және қорытынды бөлім.

21. Кіріспе бөлім мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

1) құжаттың мынадай редакциядағы атауы: "199 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап 199\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ жылға дейінгі жұмыстың қорытындысы бойынша .... (банктің атауы) тексерудің нәтижесі жөніндегі аудитордың есебі";

2) тексеру жүргізген аудиторлық ұйым немесе аудитор туралы жалпы мәліметтер :

аудиторлық ұйымның атауы немесе тексеру жүргізген аудитордың аты-жөні;  
аудиторлық тексеру жүргізу мерзімі (аудиторлық тексерудің басталған және аяқталған күні) ;

уәкілетті органның банкке аудит жүргізуге арналған лицензиясының нөмірі және датасы ;

аудиторлық есепке қол қоюға өкілеттік берілген адамның аты-жөні;  
аудиторлық тексеруге қатысқан барлық аудиторлардың аты-жөні (өкілеттік берілген аудиторлар және уәкілетті органның тиісті лицензиясы жоқ аудиторлар көрсетіле отырып) ;

3) тексерілетін банк туралы жалпы мәліметтер:

банктің атауы ;

мемлекеттік тіркеуден өткен күні және тіркеу нөмірі;  
банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның нөмірі және берілген күні ;

филиалдардың саны және олардың орналасқан жері.

*Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .*

22. Жалпы бөлімде аудит жүргізілген мәселелер тізілімі және аудиторлық ұйым немесе аудитор атқарған жұмыстың сипаттамасы болуға тиіс.

23. Қорытынды бөлімде аудиторлық ұйымның немесе аудитордың тексерілген есептілік бойынша қорытындылары және осы есептілікке енгізілген барлық түзетулердің сипаттамасы болуға тиіс.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

23. Банк аудит жүргізуден жалтарған, оған кедергі келтірген жағдайда уәкілетті орган банк заңдарында көзделген ықпал етудің шектеулі шаралары мен санкция қолдануға құқылы.

24. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*

*Ұлттық Банкінің Төрағасы*